

84(5Қаз)
Е 49


Ескен Елубаев

Кім қуыт?



✓ X

Р. 451. X



өлеңдер

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР МЕН
ЖАСӨСПІРІМДЕР КІТАПХАНАСЫ

БАЛАЛАР СЕКТОРЫ

НАН

Жүзім пісті күзде,
Жей бер алып, үз де.
Алма пісті күзде,
Жей бер алып, үз де.
Қауын пісті күзде,
Жей бер алып, үз де.
Бидай пісті күзде,
Жей алмайсың, үзбе.

Бидайдың көп ісі,
Кірісер сан кісі.
Комбайншы орсын,
Шофер тасып болсын,
Диірменші оны тартсын,
Наубай нан қып жапсын,
Дүкеншіге берсін...
Сонда барып жейсін.

ЖАЗУ МЕН ЖАНУ

Қарындашқа жолығып,
Шырақ айтты бірде кеп:
— Тұрмын көріп торығып,
Таусылыпсың мүлде,—
деп.
Қереқарыс кезінде,
Көрген едім, жасыңда.
Бір тұтам боп өзің де
Қартайыпсың расында.

Деді сонда қарындаш:
— Жаза-жаза қартайдым.

Сен де, маған қарайлас
Болыпсың ғой, айтарым.

Таусылыпсың дедің ғой,
Таусылыпсың өзің де.
Сен де мендей едің ғой,
Сонау жылдар кезінде...

Шер тарқатты досына:
— Жанып бітсең сен-дағы,
Өмір деген осы да,
Жазып біттім мен-дағы...

ШЫРША ҚАНШАДА?

Көк жапырақ сарғайғаны,
Қартайғаны.
Қара шаш — ағарғаны,
Қартайғаны.
Боз жусан — қарайғаны,
Қартайғаны.

Осыдан байқағаны:
Тек қана жасыл шырша.
Өң беріп қартаймайды.
Қанша жас жасағанын,
Ешкім де айта алмайды.

КЕПКЕН ҚҰРТ

Бір бала құртқа өш,
Берместен жұртқа еш,
Құрт көріп, бас салып,
Сорды да тамсанып,
Жегісі кеп еді,
Бөлуге келмеді!
Ызадан жарылар,

Баланың жайы бар.
Ашуын шақырды,
Азуын батырды!
Құрттан да тіс мықты,
Қарш етті, іс бітті!
Қара, не іс қылған,
Құрт сынбай, тіс сынған!..

КЕТПЕННІҢ ӨКПЕСІ

Егеумен егеу керек,
Көсеумен көсеу керек.
Тырмаменен тырмала...
Араменен арала...
Ал, кетпенмен шабады.
Сонда қалай болады?

Кетпенменен кетпенде
Дейтін ешбір жоқ пенде.

Неден екен айыбым?
Істер ісі бәрінің,
Өз атымен аталған.
Мен-ақ қалған қатардан,—
Әлек салды:
— Кем еткен
Неге мені?!— деп кетпен...

НҰРЛАНЫҢ ОЙЫ

Бесікте бөбегі,
Ал Нұрлан бесте еді.
Нұрланға керегі,
Бөбек тез өскені.

Өссе деп тезінен,
Асығар жөні бар.
Күресіп өзімен,
Жықпақшы ойы бар.

КІМ БОЙШАҢ?

— Кім тіріде бойшаң?— деп
Бұл сауалды қойсаң кеп,

Жауап дайын, әрине,
Керік ұзын бәрінен.

Оған кімдер таласпақ,
Үш метр бар, бойы асқақ.
Жылан сонда:

— Мен ше,— дер,
Сенбесендер өлшендер,
Алты метр бойым бұл?

— Ол өзіңнің ойың құр,
Алты метр болсаң да,
Жатпайсың сен бойшаңға...
Жүретінің жорғалап,
Бар айыбың сол ғана-ақ.

НАМЫС

«Үш» алып қап сабақтан,
Қарлығаш қыз жылайды.
Намысты қып жаратқан,
Бұл қыз бізге ұнайды.

«Бір» алса да сабақтан,
Ойына алмай, міз бақпай,
Намыссыз қып жаратқан,
Былқ етпейді Ұзақбай.

КІМ ҚАШАН ҰЙЫҚТАЙДЫ?

— Күні бойы ұйықтайды,
Мысықтың не мұнысы?

— Бұл жұрт неге ұқпайды,
Түнде оның жұмысы.

Көрдің бе, сен тышқанды
Күндіз шыққан інінен.

Тышқанды ол ұстайды,
Ұйықтамайтын түнімен.

АЛМА МЕН НАН

Алдыңүні үйіме
Алма әкелді бір арба.
Тидім оған бүйідей,
Жедім келіп, тұрам ба?

Қарағым жоқ алмаға
Қанша тәтті десем де.
Шықпайтын ас — нан ғана,
Күнде, күнде жесең де.

Қампитқанша ішімді,
Кеше жедім мен талмай.
Қарып қапты тісімді,
Жүрмін бүгін жей алмай.

Тіршілікте әйтеуір,
Бәрінен де нан тәуір.

«БАҒБАН»

Көк базарға барғанмын,
Көшетін көп алғанмын;
Шие,
Алша,
Өріктің,
Алмұрт,
Жаңғақ,
Алманың.

Жұмысқа жоқ еш ебім,
Быт-шыт болды есебім.
Шатастырып терледім,
Әр мәуенің көшетін.

Көшеттерді түсіріп,
Тұрмын енді қысылып.
Ажыратып түрлерін
Алмаппын ғой түсініп.

Сөйтіп тапқан ақылым —
Қатар тігіп жатырмын.
Кейін өсіп өнгенде,
Көрермін деп ақырын.

АҚ ТІЛЕУ

Бүгін Наурыз!

Теңелген кез Күн мен Түн!
Заман озып оңалғанын сеземіз.
Тоғыз алуан асты қосып түрлейтін.
Дәм тат, дайын, біздің наурыз көжеміз.

Әділеттің жария күні —

Ел есен

Болсын — деп мен,

Қазаққа айтам тілеу — Ақ:
Сен де теңел! Теңелсе екен терезең,
Өзгелерден аспасыңды білем нақ.

ЕКІ ПІКІР

Жаз. Қаникул кезінде,
Доп ойнаймыз, есімде.
Сенсеңіздер сөзіме
Футболшы-ақпын өзім де.

Кейде шабуыл бастайтын,
Алғы шепте ойнаймын.
Қақпашы боп саспайтын,
Кейде қақпа қорғаймын.

Қақпашы боп тұрғанда,
Өзім тұрған қақпаның;
Маған қырсық қылғандай
Үлкендігін айтпағын!

Үрей билеп бойымды,
Тұла бойды басар тер.
Тастау қиын ойынды,
Табылмайды қашар жер.

Өткізіп ап талай доп,
Болатынсың кінәлі.
«Қақпа тым кең...
Амал жоқ!»
Сылтаудың сол сыңайы.

Ал, шабуылшы болсам мен
Тебем допты жан қалмай.
Әлгі қақпа сонша кең,
Тым тарылып қалғандай.

Доп соға алмай, ұятты
Болатынмын кінәлі:
Қақпа тым тар сияқты,
Көрінеді ұдайы...

Дүниенің барлығы
Маған келген кезінде,
Өз-өзінен тарылып
Қалатыны несі де?..

АЛФАВИТ БОЙЫНША

Фамилиясы — Әлиев,
Тізімнің ең басында.
Кейде осы үшін тарылып,
Өкпелейді расында.

Сабақты да содан ба,
Бірінші одан сұрайды.
Көнер еді
оған да,
Білмей келсең, қинайды.

Ине салса дәрігер
Ең бірінші салады.
Тізімде алда бәрінен,
Көнбеске жоқ амалы.

Жұмысқа да қиындау
Алдыменен бөледі
Токсан жайлы жиында
Алғаш атап келеді.

Шықса бәрі алаңға,
Өтіп Мамыр парады.
Бойы кіші, алайда,
Ең соңында барады.

Әлиевтің ойынша:
Әділдік жоқ,
Бұл қайда?
Неге алфавит бойынша
Тұрғызбайды мұндайда?..

ЗАТЫ МЕН АТЫ

Жемістердің бәрі бар,
Бау-бақшадан танып ал.
Ол үшін не керегін,
Берем әр зат дерегін:
Біреуін қағу керек,
Біреуін шағу керек,
Біреуін жару керек,
Біреуін ору керек,
Біреуін қазу керек,
Біреуін үзу керек,
Біреуін үгу керек,
Біреуін жұлу керек,
Біреуін турау керек,
Біреуін теру керек,
Біреуін тілу керек,
Біреуін аршу керек,
Біреуін қуыру керек,
Біреуін пісіру керек..

Шатастырмай айт кәні,
Ол қай жеміс аттары:

Қағатының — алма,
Шағатының — жаңғақ,

Жаратының — қарбыз,
Оратының — тары,
Қазатының — картоп,
Үзетінің — жүзім,
Үгетінің — жүгері,
Жұлатының — пияз,
Турайтының — капуста,
Теретінің — шие,
Тілетінің — қауын,
Аршитының — қияр,
Қуыратын — күнбағыс,
Пісіретін — асқабақ...

Міне, осы дұрысы,
Ал, қалайша бұрысы:

Қарбызды қақпайсың,
Алманы шақпайсың,
Пиязды жармайсың,
Жаңғақты ормайсың,
Асқабақты қазбайсың,
Қартопты жұлмайсың,
Капустаны үкпейсің,
Тарыны үзбейсің,

Жүгеріні турамайсың,
Күнбағысты термейсің,
Шиені тілмейсің,

Жүзімді аршымайсың,
Қауынды қуырмайсың,
Қиярды пісірмейсің...

«ЯҒНИ» МЕН «ЯКИ»*

Үзіліс кезінде
Жолдасым шақырды:
— «Яғни!!» өзімде,
Сен, сана, «якиді...»

Келістік,
Тыңдадық.
Жаңа өткен сабақты.
Ал, ұстаз сөйлейді.
Қырнап ап тамақты...

Соғылды қоңырау,
Далаға беттедік.
Досымыз екеуміз.
Оңаша шеттедік.

Ол айтты:
— «Яғниді»

Жиырма рет айтты,— деп,
Өзімнен сұрады.
«Якиді» қайтті?— деп.

Мен айттым:
— «Якиді»
Айтпады онша көп.
Он еді өткенде.
Бұл жолы, сонша,— деп...

«Яғни» мен
«Якиді»
Көп айтса мұғалім,
Жалығып,
Сабақтың
Маңызын ұғар кім?!

АЙНА

«Ең әділ кім?»
сұрашы,
«Айна»,— деп жүр естуім...

Бетіңе айтар турасын,
Қандай болса кескінің...

НЕ?

Қарқылдайтын не?
Қаңқылдайтын не?
Шырылдайтын не?
Ырылдайтын не?
Сұңқылдайтын не?
Мыңқылдайтын кім?

Қарға — қарқылдайтын,
Қаз — қаңқылдайтын.
Торғай — шырылдайтын.
Ит — ырылдайтын.
Үйрек — сұңқылдайтын.
Сабақ сұраса айта алмай,
Нұрлан — мыңқылдайтын.

ҚАЙТІП БАРАДЫ?

Тойдың жетсе хабары,
Кім, қалайша барады?
Балық жүзіп барады,
Бүркіт ұшып барады,
Құмырсқа жорғалап барады,
Қоңыз домалап барады,
Қосаяқ секіріп барады,
Есек тепеңдеп барады,
Тасбақа еңбектеп барады,
Көбелек көлбеңдеп барады,
Қоян орғып барады,
Қасқыр жортып барады,
Үйрек маймандап барады,
Түйе тайрандап барады,
Кесіртке жүгіріп барады,
Жауын құрт бүгіліп барады,
Жылан иретіліп барады,
Итбалық сүйретіліп барады,
Қортышқан жер үңгіп барады,
Тотықұс керіліп барады,
Керік кердеңдеп барады,
Жапалақ ербеңдеп барады,
Адам жүріп барады,
Не көлікке мініп барады.

ҚАЖЕТІН ҚАЙДАН АЛАДЫ?

Жерге тимей табаны,
Ұста кетіп барады.
Шеге іздеп жүр,
Шегені ол,
Дүкен барып алады.
Жерге тимей табаны,
Аспаз кетіп барады.
Ет іздеп жүр,
Етті ол,
Базар барып алады.
Жерге тимей табаны,
Әйел кетіп барады.
Сіріңке бітіп,
Сіріңкені
Көршісінен алады.

Жерге тимей табаны,
Шөпші кетіп барады.
Шөп жоқ малға,
Шөпті ол,
Таудан шауып алады...
Ақын ғана үйінде,
Жан ашиды түріне.
Желі таппай,
Ой таппай,
Отыр дел-сал күйінде...
Келмей өлең хабары,
Шаршатады сананы.
Өзгеде емес,
Өзінде
Тұлабойда алары.

ЕҢ БАСТЫ ДӘРІГЕР

Шипа боп жазатын,
Уланса ел-жұртты.
Уытты басатын,
Емші сол —
Ең мықты.

Қатырмас ол басын,
Емдемес дәрімен.

Білімді болмасын,
Асып тұр бәрінен.

Мойындар ел, бәрі,
Кім өзі дейсің ғой?
Ақ сүті — ем дәрі,
Ол — сиыр емшің ғой.

НАН ЖЫРЫ

Жегем жоқ жүзім
 Былтырдан бері,
Анардың сөлін
 Ішпедім көптен.
Түскен жоқ одан
 Ұнжырғам менің,
Өздері оның
 Табылмай кеткен.
Уылдырық жемей
 Жүргенім қанша,
Есептеп көрсем
 Талай жыл өтті.
Алайда оған
 Қайғырман онша,
Бар болса жер ем,
 Кім табар жоқты.
Бір айдай болды
 Татпадым балды,
Бір апта ет пен
 Таппадым майды.
Сүт қатпай-ақ та,
 Ішеміз шайды,
Қанағат тұтып,
 Қолдағы барды.
Қинамас жанды
 Осының бәрі,
Жетпейді нанға
 Нан адам нәрі!
Үш мезгіл емес
 Бір мезгіл нанды,
Жемеп ем бүгін,
 Өзегім талды.

МАСҚАРА

Оқытып ек мақала
Газеттегі қызық бір,
Ежіктеуін атама,
Оқи алмай бұзып тұр.

Бастық өзі қалай бұл,
Оған көңіл тұр жұтап.
Енді қайтпек?
Талай жыл
Оқымаса бір кітап.

«Біріншіге» баратын
Бала дерсің тура шын.
....Қырық тоғызға толатын
Ал, ол менің құрдасым.

Масқара боп өзінің,
Ашылғаны мінінің.
Кім айтады,
Досымның
Жоғары деп білімін...

САҒАТ ПЕН ЖҮРЕК

Сағат шақты
жүрекке мұнын:
«Сормандаймыз,
таппаймыз тыным.
Бұл дүниеде
Екеуміз,
Дем алмай-ақ
өтерміз»....

ЖАЛМАУЫЗ

Бір кісі айтты желауыз: Әлгі сөзге кекесін,
«Біледі тек жегенді, Сиыр деді:—Ол былай:
Барып тұрған жалмауыз, Мешкей болмай нетесін,
Сиыр мешкей»,— дегенді. Сауса қақтап он бір ай...

ҰСТАЗ БЕН ШӘКІРТ

Бермекке ұстаз жазасын, Естімейтін әжесін
Ата-анасын шақыртты. Ертіп келті шәкірті...

МҮШКІЛ ХӘЛ

(Мысал)

Артық кетіп аспайтын,
Кем қалуға баспайтын,

Еш еркіндік жоқ онда,
Тексеруші көп онда.

«Тура жолдан
таймайды»,—
Деп сағатты ел мақтайды.

Әр адымын санаса,
Күніне мың қараса,

Санап басқан аяқты,
Хәлі мүшкіл сағаттың.

Шектен шықпас ол аса,
Бұзылмақшы қалайша?

КҮНДЕУ

«Жемістердің ішінде
Жалғанда жалғыз,
Көрмедім,— деп,—
қысты бір
Арманда қарбыз.

Жер астында өсетін,
Мына біз мығым.

«Көрмейтінің қысты сен,
Шыдамсыздығың,

Үстінде жердің өскеннің
Ғұмыры қысқа»,—
Деді сәбіз үйренген
Шынығып қыста.

САҚАЛДЫҢ БАУЫРЛАРЫ

— Бауырларың нешеу,— деп
Білдік, Сақал атадан.
— Бауырларым үшеу,— деп
Атап-атап атаған:

— Үлкені — мен, төл
басы
Қабасақал деседі ел.
Шоқша сақал —
ортаншы
Кенжемізді — Көсе дер.

ЕСЕП

Класқа келіп мұғалім,
— Сендерде,— деді,—
құлағым
Қаншаға дейін санайсың,
Сол үшін баға аласың.
— Бір,
Екі,
Үш,
Төрт,

Бес,—
Бірінші сөзді Бала алды,
Ол «бес» деген баға алды.
— Құлын,
Тай,
Құнан,
Дөнен,
Бесті,—

Екінші айтып Құлын да,
«Бестікті» қақты мұның
да.

— Бұзау,
Тана,
Құнажын,
Дөнежін,—
Осылай бұзау санады,
«Төрт» деген баға алады.
— Бота,
Тайлақ,
Түйе,—

Ботаның осы санасы,
«Үш» болды алған бағасы.

— Торай,
Шошқа,—
Санағаныңа болайын,
«Екі» алып қалды торайың.
— Мысық...,—
Көп тұрды мысық күмілжіп,
Санай алмады бұл ынжық!
Өздерің айтшы қалғанын,
Мысықтың неше алғанын?...

II

«Бес» алдым деп үйіне,
Бала келді.
«Бесті» алдым деп үйіне,
Құлын келді.
«Дөнежін» алдым деп
үйіне,
Бұзау келді.

«Түйе» алдым деп үйіне,
Бота келді.
«Шошқа» алдым деп үйіне,
Торай келді.
«Мысық» алдым деп үйіне,
Мысық келді...

III

Мектептен келген «Бес»
алып
Түйсігі тәуір баланы,
Ата-аналары қош алып,
Жақсы-ақ көріп қалады.
Қуантып жатыр Биесін,
«Бестіні» алған Құлын да.
Бұзауы алып «Дөнежін»,
Мәз болып отыр Сиыр да.

«Түйені» алған ботаға,
Түйе тұр марғау түк айтпай.
«Шүкір»— деп қойды оған да
Бірақ та іштен ұнатпай.
Тек «Шошқа» алған Торайға
Шошқамыз кейіп тырысты,
Ал «Мысық» алған Мысыққа
Мысық кеп жатып ұрысты...

ТӘУІП ТЕ, НАРКОМАН ДА

Жер — аптеканың, тәуібің,
Одан білгір өтпейді.
Тек тани біл, тәуірі,
Жердегі ем шөптерді,

Бүйрекке тас байланса,
Бір шөбін сен пайдалан.
Басың жиі айналса,
Бір шөбін іш қайнаған.

Бір шөбі ем — қан азайса;
Ал, бір шөбі — бауырға.
Бір шөп — шаншу маза алса...
Бір шөп — өтің ауырса...

Жер және де — наркоман,
Осал жағы, нашары.
Кейбір шөбі бар, одан
Жасар қорқор нашаны...

ҚОМАҒАЙ БАЛА ОЙЫ

Асап-асап жер еді,
Қарбыздың көп шөпегі,
Шөпектерін тереді,
Неткен өзі көп еді.

«Қарбыздан да қауының
Жақсы,— дейді,— мен үшін.
Шөпегі жоқ, тәуірі,
Тез-тез асап жеу үшін»...

АЯЗ БИДІҢ ІЗІМЕН

Тірлік етсек жараса,
Қазір өмір тамаша.
Қию, ішу — ескіше,
Ойлау, бірақ, жаңаша.

Бұған дейін барлығы,
Кедей тапты,
Жарлыны,
Қолдайтұғын, демейтін
Кенестің деп жарлығы.

Енді бәрі кедейді,
Ешкім табым демейді.
Тұқымдары шонжардан
Тегі асылдар көбейді.

Арғы атасы хан болған,
Не би,
Не бай жан болған,

Адамдарды тындап мен,
Көптігіне таң болғам.

Бірі —
Төре жиені,
Бірі —
Қожа киелі.
Нағашысы бірінің
Патша ағзамның күйеуі...

Ешбіреу жоқ — қарадан,
Тұқымдары тараған.
Ақ сүйек боп кеткен бе,
Соңғы кезде бар адам.

Тегі — манап жуан да,
Тегі — молда, дуан да.
Маймылдардан шыққан деп,
Неге айтпаймыз бұдан да...

ЖАҒДАЯТ

Таңертең тұрдым:
Немістің шұлығын,
Румынның майкасын,
Француз жейдесін,
Арабтың галстугін,
Финнің костюмін,
Венгердің туфлиін —
Үстіме кидім.

Базарға бардым:
Үндінің шәйін,
Түріктің майын,
Вьетнамның күрішін,
Болгардың бұрышын,
Ауғанның мейізін,
Поляктың алмасын,
Бразилия кофесін,
Гректің лимонын,
Итальян кеспесін,
Шотланд шарабын,
Чехтың сырасын,
Американың сигаретін,
Кубаның апельсинін,
Қытайдың консервісін —
Толтырып алдым.

Үйге қайттым:
Югослав мебелін,
Жапонның сервизін.
Австрия кілемін,
Немістің пианиносын,
Чехтың люстрасын —
Сүрттім, қақтым.

Сөйлестім: кеңестім.
Әйелмен — қазақша,
Баламен — орысша:
Мұны интернационализм
Демес кім?..

213498

МЫЛЖЫҢ

Бала көп сұрайды, Мазаны ап келеді. Әкесі шыдамды Жауабын береді... «Испан боп тұғанда Болар ем кім?»— дейді... «Тореадор тұрғанда Ол болмау мін»— дейді... «Жапон боп тұғанда Болар ем кім?»— дейді...	«Қаратә тұрғанда Басқанды білмейді...» «Бразилияда тұғанда Болар ем кім?»— дейді... «Футболың тұрғанда Басқанды сүймейді...» Айтты әке тұрды да, Шаршап бас дың-дың боп: «Қазақ боп тудың да, Келесің мылжың боп»....
--	--

НЕ ДҰРЫС, НЕ БҰРЫС?

Мақтанғанды көрдім:
«Көп, білем, көп оқыдым»,— деген.
Бұл дұрыс,

Мақтанғанды көрдім:
«Түрмеде мен отырдым»,— деген.
Бұл бұрыс.

КІМ МАҚҰЛЫҚ?

Шыбын-шіркей, жәндік пен Мал да, құс та, аң да кеп, Шөптерін жүр дәніккен Жер бетінде тандап жеп.	Ауру қылып не түрлі Есіртетін мас етіп. Көкнәрі мен кендірді Пайдаланар наша етіп.
--	---

Өздеріне ұнамды. Сол шөптерден табар нәр. Денсаулыққа зиянды Шөпке әуес тек адамдар.	Сонда ақылды мал, аң да. Мақұлығы адам ба?!
---	--

ҰЙҚЫАШАР КОФЕ

Балама бір күні Жолдасы деп еді: «Ашады ұйқыны, Ішсе адам кофені».	Өзі еді атақты Оқуға құлқы жоқ. Оқыса-ақ сабақты, Басатын ұйқы кеп.
---	--

Тапты амал жөнді бір
Сол сөзге сенген бе?
Қофе ішпек енді бұл
Ұйқысы келгенде.

Қофе ішті ол қанша,
Ұйқысын ашпайды.
Кітапты қолға алса,
Маужырай бастайды.

БАҒАНАЛАР ҚАЙДАН ШЫҒАДЫ?

Қалың боп өскен,
Шырша, қарағайлар орманда,
Қалаға қашан
жетеміз деген арманда.
Қалаға барса,
Бұтақ, тамырын қидырып,
Жапырақсыз тұрмақ,
Бағана болып сыйдиып.

КІМ КҮШТІ?

Жер бетіне жатып ап —	Көкке өрлеп піссе ол —
Қарбыз пісті.	Тіпті күшті.
Жатып алып піссе ол —	Тікесінен тік тұрып —
Нағыз күшті.	Бидай пісті.
Қазықтарға асылып —	Тіп-тік тұрып піссе ол —
Жүзім пісті.	Мүлде күшті.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

Түсінбеймін мен осы
кей ананы,
Баласымен өзінің
тең баланы,
«Бірге ойнама онымен,
бірге жүрме,
Жаман бала ол өзі», —
дей алады.
Сөзін естіп әлгіндей
аналардың,
Қөңіліне дік алып
қалады әркім.
Болса болар жаманы
үлкендердің,
Бола ма екен жаманы
балалардың?!

ОЙ

Кілемнің түсі керемет, Қоғалға жайып қойған-ды. Гүл ғой деп оны көбелек, Үстіне келіп қонған-ды.	Өздеріне не көрінді, Азыпты-ау осы күндерде. Болса да ғажап түс неткен, Бұрынғы қасиет таппадым. Гүлдерден қазір иіс кеткен, Мүңкіп тұр бәрі нафталин...
Көбелек ойға берілді: «Аңқыған жұпар гүлдер де.	

НЕ ЖҮЙРІК?

Аула іші Қым-қуыт... Мысық қашып, Ит қуып. Оны Нұрлан Көріп тұр,	Өз бағасын Беріп тұр: — Жеткізбеді Тіптен,— деп, Мысық жүйрік Иттен,— деп...
---	---

ТАҒАМДАР

Жеді қызыл алманы,
қызыл қарбыз,
Сол қалпында бала өңі —
Қызармады.
Жеді көктей қиярды,
Көк пиязды,
Сол қалпында бала өңі —
Көгермеді.
Жеді қара нан мен
Қарақатты,
Сол қалпында бала өңі —
Қараймады.
Жеді сары қауынды,
Сары өрікті,
Сол қалпында бала өңі —
Сарғаймады.
Ішіп еді қымызды
Ала жаздай,
Өңі кіріп
Әппақ боп ағарғаны...

ОЙЫН

Сырық үйде зерікті,
Ойнамаққа желікті.
Сыртқа шығып қарайлап,
Іздестірді серікті.

Тұрқы сырық болғасын,
Жеке қалай ойнасын?
Екінші бір сырықты —
Тауып алды жолдасын.

Қосақтасып ойнады,
Онша қызық болмады.
Жасап көрді түрлі әріп,
Әріп беске толмады.

Екі сырық қосылып:
«Г» болды
«Л» болды.
«Т» болды.
«Х» болды.
Басқалары икемге
Келмей тұрды тосылып.

Керек кезде дәл осы,
Келді сырық келесі.
Ойын қыза бастады,
Көбейді әріп төбесі.

Бірікті де үшеуі... ,
Біресе «А» болды.
«Ғ» болды.
«Д» болды.

«Қ» болды.
«Н» болды.
«П» болды.
«Р» болды.
«С» болды.
«У» болды.
«Һ» болды...

Үш сырықтың бағына,
Көп ұзамай тағы да,
Сырық келіп төртінші
Қосылды олар сапына.

Төртеуі енді бірігіп:
«Ш» болды.
«Б» болды.
«Е» болды.
«З» болды.
«М» болды.
«О» болды.
«Ұ» болды.

Сәл-пәл өткен шамада,
Ауыл сырты — далаға
Қаптап жетті сырықтар,
Сыймай кетті араға.

Сырық деген ондап жүр,
Ойын қызды.
Қайнап тұр.
Әріп емес, енді олар
Сөйлем жасап ойнап жүр.

ҚАДІРСІЗ ХАЙУАН

Ешбір малға есекті теңгермейді,
Қастерлемес шөп салып, жем көрмейді.
Не арбаға жегіп ап, не мініп ап,
Дамылдатып байғұсқа дем бермейді.

Суғарып та жатпайды ескермейді,
Біреу ұрлап кетер деп сескенбейді.
Еті арам да есектің, күші адал деп,
Түгендемес жоқ болса кеште мейлі.

Көзге ілмейді қарасы бар екен деп,
Пайдасы зор шаруаға тән екен деп.
Жануарға жатқызбас хайуан деп,
Иесі іздер мінерде таңертең тек.

Тойға мінбес есекті амал қанша,
Өмір сүрер қасқырға ол таланғанша,
Дүниеге келмеген жақсы шығар,
Есек болып қадірсіз жаралғанша.

Біліп көнбіс екенін керектігін,
Басынды оны адамдар, қор етті тым.
Ауыр-ауыр жұмысты атқаратын
Момындарды қашан да елепті кім?

ОН САН

Тойға тоғыз нолі бар	Жеті нолі бар жеті —
9 келді.	Жетпіс миллион.
Сегіз нолі бар 8 келді,	Алты нолі бар алты —
Жеті нолі бар 7 келді,	Алты миллион.
Алты нолі бар 6 келді,	Бес нолі бар бес —
Бес нолі бар 5 келді,	Бес жүз мың.
Төрт нолі бар 4 келді,	Төрт нолі бар төрт —
Үш нолі бар 3 келді,	Қырық мың.
Екі нолі бар 2 келді,	Үш нолі бар үш —
Бір нолі бар I келді,	Үш мың.
Тек түгі жоқ О ғана	Екі нолі бар екі —
Келе алмады.	Екі жүз.
Неге олай,	Бір нолі бар бір —
Жауабын кім бере алады?	Он.
Тоғыз нолі бар тоғыз,—	Ал, ноль,
Тоғыз миллиард.	Қалай бармақ тойға ол?
Сегіз нолі бар сегіз —	Түгің жоқ болса,
Сегіз жүз миллион.	Көретін күнің сол.

ТӨРТ АМАЛ

Алу,
Қосу,
Көбейту,
Бөлу,
Бірде төртеуі,
Кеңестерін кеңейтіп,
Өзара сыр шертеді:

— Алу
Бас сап
Аласың,
Ала берсең ынсапсыз
Байқа, отырып қаласың...

— Қосу,
Қанша қоссаң да,
Басымыз жүр бірікпей,
Еңбегің еш, бос сандал.

— Көбейту
Көбейт, көбейтпе,
Көбеймейміз бәрібір,
Көбейер деп дәметпе...

— Бөлу,
Бәрін бөледі,

Іріткі салса араға,
Арам қатып өледі...

Алу айтты:
— Аламын,
Мамандығым бұл менің
Алмай қалай қаламын...

Қосу айтты:
— Қосамын,
Қоса берсем тынбастан,
Бірігер деп тосамын...

Көбейту айтты:
— Көбейтем,
Көбейсендер осыдан,
Қор болмайсың, көр ертең...

Бөлу айтты:
— Бөлемін,
Бөлініп жүр бәрі де,
Бөлінбей көрші, көрейін...

Төрт амалдың төртін де,
Айтқандарын, оқушым,
Таразылау еркінде.

АЙТЫЛУЫ ҰҚСАС, МАҒЫНАСЫ БӨЛЕК СӨЗДЕР

Ар,
Эр.
Адамға әр,
Керек ар.
Ал,
Эл,
Ас ал,
Жина әл.
Ай,
Әй,
Қарашы, әй,
Туыпты ай.
Бас,

Бас,
Зымыра, бас,
Басталды бас.
Дал,
Дәл,
Болма дал,
Көзде дәл.
Дау,
Дәу,
Шығарды дау,
Денелі дәу.
Дат,
Дәт,

Не керек дат,
Шыдамас дэт
Жай,
Жәй,
Кілемді жай,
Тұрма жәй.
Зар,
Зәр,
Айтқаны зар,
Ішкені зәр.
Мат.
Мәт.
Алды мат,
Болды мәт.
Нан,
Нән,
Пісірді нан,
Табаға нән,
Нар,

Нәр,
Жайылса нар,
Жантақ нәр.
Сал,
Сәл,
Жасаған сал,
Енсіздеу сәл.
Сан,
Сән,
Тойда сан,
Көрдiк сән.
Сат.
Сәт,
Алма сат,
Іске сәт.
Шай,
Шәй,
Кесені шай,
Ішеміз шәй.

ҰҚСАС СӨЗДЕР ҰЙҚАССА...

Тон,
Тоң
Қимесең тон,
Жаура да тоң.
Көң.
Көн.
Біраз көң,
Беруге көн.
Тан.
Таң.
Айтқаныңнан тан,
Болсын бәрі таң.
Жон.
Жөн.
Ағашты жон,
Көмектескенің жөн.
Кең.
Кен.
Жерім кең,
Толы кен.
Мен.
Мең.

Бетінен мен,
Көрдiм көп мең.
Сен.
Сең.
Бүгін-ертең сен,
Жүреді сен.
Қон.
Қоң.
Жайлауға қон,
Жисын мал қоң.
Шың.
Шын.
Мына шың,
Биік шын.
Бол.
Бөл.
Тездет, бол,
Ақшаны бөл.
Шөл.
Шол.
Құмды шөл,
Малды шол.

Төс.
Тос.
Алдыңа төс,
Келеді, тос.
Ток.
Төк.
Берсе ток,
Ақшасын төк.
Сол,
Сөл.
Өріктен сол,
Езіп бер сөл.
Тол.
Төл.
Астау, суға тол,
Ішеді төл.
Күн.
Күн.
Қанша күн,
Жылады күн.
Пан.
Паң.

Келген пан
Өте паң.
Доң.
Дөң.
Доң қабақ,
Дөң мінез.
Ең.
Ен.
Жүйрік атқа ең,
Салды ен.
Өл.
Ол
Тіріл, өл
Қарыз бермес ол.
Оп.
Өп.
Тамақты оп,
Балаңды өп.
Он.
Өн.
Ағаш тіктім он,
Гүлде, өс, өн.

САНАМАҚ — ЖАҢЫЛТПАШ

Бір — құр,
Бір — піл,
Екі теке,
Екі — кепе.
Үш — ісек,
Үш — шібіш.
Төрт — торпақ,
Төрт — торай.
Бес — ешкі,
Бес — есек.

Алты — мәлін,
Алты — жайын.
Жеті — түлкі,
Жеті — кірпі.
Сегіз — өгіз,
Сегіз — байғыз.
Тоғыз — қоңыз,
Тоғыз — тауыс.
Он — дөнен,
Он — бөкен.

САЯЖАЙ

— Саяжай салсам деп едім,
Айтшы оған не керегін?
— Саяжай болса салмағың,
Сайла оның құрал-сайманын.
Қазатын жерді күрек ал,

Шабатын шөбін шалғы ал.
Оратын құрал орақ ал,
Тырмалар бәрін тырма ал,
Жасайтын арық кетпен ал,
Отайтын бұта шотты ал.
Кесетін бұтақ ара ал,
Аршитын жаңқа балта ал.
Қағатын қазық балға ал,
Түзейтін шеге төсті ал.
Қиятын бұтақ қайшы ал,
Оятын тонды сүймен ал.
Жонатын тақтай сүргі ал,
Салатын әйнек алмас ал.
Тесетін еден бұрғы ал,
Өлшейтін бәрін метр ал...
Кемпірауыз, қашау ал...
Алатын сайман көп екен,
Өзімде бірі жоқ екен.
Барлығын қайдан табамын,
Белгілі жайы шамамнын.
Және іс келмес қолдан түк,
Отырып қалдым толғатып.
Саяжай салу қиын-ақ,
Білгендей болдым мұны нақ...

ҚОНАҚҚА ҚАЙДА БАРАМЫЗ?

— Анау үйі Сиырдың	Тарт, Сиырдың үйіне.
Мынау үйі Биенің,	Айран,
Көлік басын,	Сүті,
Бұйырғың,	Қаймағы,
Қайда апарып тірейін	Кілегейі,
	Құрт, малта,
— Бие үйінде аш қалман,	Ірімшігі,
Қымыздан өзге күйі не?	Бар майы,
Сиырда бай дастарқан,	Және қатық бір қалта...

ЕКІ ТҮЛКІ

(Мысал)

Қос түлкі ірі, келісті, Кезігіп шер бөлісті.	— Е, бауырым, жүйрігім, Нендей сенің тірлігің?
---	---

— Мақтаудың да жөні
бар,
Қалай білдің оны дәл,—
Деп екінші сұрапты
Біріншісі сыр айтты:

— Қасқыр қуса құтылып,
Кетпесек қой сытылып,
Екеуімізге тірі боп,
Бұл дүниеде жүру жоқ.

Содан айтам жүйрік деп,
Олай болмай тірлік жоқ.
Жауларымыз сұмдық көп...

АРЫЗ АЙТТЫ КІМ НЕГЕ?

Алдына кеп тәңірдің,
Бұздыруға әмірін,
Жас мөлшері қарайлас,
Арыз айтты талай бас.

Бірі айтты:
— өзгерек,
Маған өткір көз керек.
Көзім нашар көреді,
Келуімнің себебі.

Бірі айтты:
— Ұят-ты,
Керең еттің құлақты,
Бердің кеміс мүкісін,
Бер жөндісін, дұрысын.

Бірі айтты:
— Мін боп тұр,
Бар айыбым тіл боп тұр,
Шүлдірлеген сақауым,
Жөнде соның ақауын.

Тәңір қалай жоқ десін,
Тыңдап бастар өкпесін.
Орындады парызын,
Қабыл алып арызын.

Арыз айтқан миына,
Жоқ тек,
Шүкір, мұнына.

КҮДІК

Күдік айтты әңгелек,
Бір қарбызбен сөзге кеп.
«Барлық қарбыз дөңгелек,
Сен сопақсың, өзге»,—
деп.

«Қауынға ұқсас болғаным,
Бойымдағы жалғыз мін.
Ішім қызыл, оңбайын,
Мен жаңа сорт қарбызын...

ҚҰМШЕКЕР

(Мысал)

— Күндемендер құр бекер,—
Деп күшейді құмшекер.—
Жаңбыр жауып түнімен,
Ауыр тарттым бүгін мен.

Жауыннан соң дым тартып,
Салмағымыз тұр артып.
Енді өседі құнымыз,
Жаман емес мұнымыз.

Сондықтан да дәп мені,
Жаңбырдан соң сат, жөні.

АУЫС ДҮНИЕ

Су болмай,	Тұз болмай,
қарбыз жеп,	пиязды
Шөлімді қандырдым.	Қышқылтым дәм қылдым.
Нан болмай,	Қант болмай,
дүмбілді	бал жалап,
Асып жеп, нәр қылдым.	Жоғымды бар қылдым...

АВТОБУСТА

Автобус іші. Бір адам
Артыма келіп отырды.
Баласы ма екен,
Біле алман.
Біреуге жатып зекірді:
Тырп етпей отыр дедім мен,
Жақпай тұр маған тәртібің.
Кетіпсің әбден бетімен,
Шындығын айтсам, жарқыным
Осыдан үйге барарсың,
Өзіңмен болсын енді ісім.
Жазанды мықтап аларсың,
Ұялып біттім сен үшін!..

Болғаны қатал дұрыс-ты
Бұрылдым деп бұл:
Кім екен?
Отырған естіп ұрысты
Жетегіндегі иті екен.

«АРТИСТ»

Оқып жүр бір ініміз,
Артист дейміз мұны біз.
«Артист» деудің себебі,
Ел таңғалтар өнері:
Тауық болып шақырса,
Тауық па деп қаласың.
Есек болып ақырса,
Шын есек деп қаласың.
Мияуласа мысық боп,
Мысық па деп қаласың

Үрсе егер күшік боп,
Күшік пе деп қаласың...
Даусын салар шошқаның,
Даусын салар басқаның.
Міне, осындай ініміз,
Нағыз артист, шынымыз
Тек оның бір міні бар
Жасырарсың қалайша?
Сұраса ұстаз сабағын,
Айта алмайды адамша.

КІМГЕ ЖАҢЫЛЫСПАУ КЕРЕК?

Есеп шығарып тұрған
Мұғалім жаңылысты.

Машинка басып отырған
Машинистка жаңылысты.

Қайтесің?
Түзетсін дедік қатесін.

Қайтесің?
Түзетсін дедік қатесін.

Сауда жасап тұрған
Сатушы жаңылысты.

Жол жүріп келе жатқан
Шофер жаңылысты.

Қайтесің?
Түзетсін дедік қатесін.

Қайтесің?
Түзей алмайды ол қатесін.

Шахмат ойнап отырған
Ойыншы жаңылысты.

Опат болды
Демек,

Қайтесің?
Түзетсін дедік қатесін.

Шоферге еш жаңылыспау
керек.

БАЛА МЕН ҰСТАЗ

Он бестегі баланы,
Емханада қарады.
Ұйткені оны солдатқа
Үш жылдан соң алады.

Тексерілді барды да,
Көп дәрігер алдында,

Анализден өткізді
Бойындағы қанды да.

Ең бірінші өткені,
Тындап шықты өкпені.
Рентгенге түсіріп,
«Таза бүйрек, өт»,— деді.

«Жоқ ағатын бұлағы»
Жақсы естиді құлағы.
Жүз процент көреді,
Екі көзі — шырағы.

Еш көрмеген ауырып,
Сол қалпында бауыры.
Маймақ емес табаны,
Қарап еді, тәуірі.

Кінәрат жоқ жүректе,
Тісі бүтін күректей.
Асқазанда ақау жоқ,
Мін болмады сүйекте.

Дені сап-сау, жарады,
Солдатқа оны алады.
Мақтап-мақтап жіберді,
Емханада баланы...

Келіп еді сабаққа,
Қатал ұстаз талапқа,
Тапсырманы сұрады,
Кірген бойда, заматта.

Осал жері ми болды,
Бағасы алған «бір» болды.
Солдат шығар бала еді,
Қарашы енді, кім болды?

Ұзын сөздің қысқасы,
Дәрігерлер таппаған
Мінін тапты ұстазы.



Адам көтерген шатыр,
Қалқып келе жатыр.
(Парашют)

Қопарып қыртысты,
Келеді бір тісті.
(Соқа)

Күндіз сөйлеп тынымсыз,
Түні бойы тұр үнсіз.
(Радио)

Өзі зәрлі,
Бергені нәрлі.
(Ара)

Күні-түні ояу,
Шаршамасың сол-ау.
(Сағат)

Қейпі — пілдей,
Көлемі — тілдей.
(Тышқан)

Арқаға екі бөлгенді,
Үшке жарып өрген-ді.
(Бұрым)

Өртенбесе өңеші,
Қайнамайды о несі.
(Самаурын)

Етегінде қалтасы,
Қалтасында баласы.
(Кенгуру)

Күндіз қалғып мүлгіген,
Түнде айналып жүгірген.
(Электр қуатын есептегіш)

Шаң жұтып жатқан:
Ішегін тартқан,
Ұзын арқан.
(Шаңсорғыш)

Оттай ыстық табаны,
Мыж-мыж қыртысты,
Тігісті жазып барады.
(Үтік)

Жарықта көрмес кәріп,
Түнде тұр көзді қарып.
(Электр шамы)

Өңшең ала жатыр
Жататыны, шала жатыр.
Піскендері үзіліп жатыр,
Піспегендері тізіліп жатыр.
(Қарбыз)

Жастық шақта қара орман,
Қартайғанда ағарған.
(Шаш)

Дөнге толы табағын,
Көтеріп тұр сабағы
Төңкергенмен бәрін де,
Төкпейді бір дәнін де.
(Күнбағыс)

Ұшып жүр күймелі,
Қалайы инелік.
(Вертолет)

Оранып көп жапыраққа,
Өсіп жатыр атырапта.
(Қапуста)

Тураймын деп өзін,
Жасаурап тұр көзім.
(Пияз)

Бұралып қос құлағы,
Күмбір қағып тұрады.
(Домбыра)

Ну орманда отыр,
Күндіз көрмес соқыр.
(Үкі)

Құлаштап лақтырған
Басын қаптырған.
(Қармақ)

Төрт тесіктен өткен не,
Қадап оны кеткен не?
(Түйме, ине)

Бақшада күздей жатты
Сонда да піспей қапты.
Шикісінде қатты,
Асып жесең тәтті.
(Асқабақ)

Табан тайған,
Қатып қалған,
Жылтыр айнама.
(Мұзайдын)

Бұл үйдің жоқ, дұрысы,
Бала тұрар бұрышы.
(Киіз үй)

Бар басында үкісі,
Қабат-қабат күпісі
Қатар-қатар кіл тісі.
(Жүгері)

Ала шапанды түзде жатыр,
Ішінде ұрық жүздеп жатыр.
(Қарбыз)

Бергенменен аумақты,
Бермепті оған салмақты
(Қаңбақ)

Тапқан басқа,
Басқан басқа,..
Сормандай қасқа.
(Шөже)

Із тастап, жүдер,
Суалып бігер.
(Қалам)

Айтқаныңды айтқан,
Қайталап жатқан:
Торда ұстап баққан.
(Тоты құс)

Айдалада алыс,
Жатыр темір ауыз.
Аяқтан қабар жауыз.
(Қақпан)



* * *

Қыстар құстар қыста,
Қыста мұздар тыста.

* * *

Ерке тәтем —
Тете тәтем.

* * *

Өрістегі әр нар
Нән нар.
Нар — нән мал.

* * *

Көзе жез
Тозбас тез.

* * *

Бәйгеге ат қоссақ
Қос, озса.
Озбаса, бос қозба.
Қоспа.

* * *

Асықты тіздік
Атып оны үздіксіз
Біз бұздық.

* * *

Базарда ет өте көп.
Қалай өтпек ет.
Текке өтпек ет.

* * *

Терлер жер —
Өрлер өр.

* * *

Адастық.
Із үзілді.
Түс бұзылды.

* * *

Бір баста:
Қос құлақ
Қос қас
Қос көз.

* * *

Қалқаманға Қалмақан
барған.
Қалмақан Қалқаманда
қалған.

* * *

Көп көкбеттенгенің нең
Көп көбеттенбегенің
жөн

* * *

Нан ал.
Нан — әл.
Нан — нәр.

* * *

Мақсат: байқап бақсаң
Жаңсақ айтпау мақсат.

* * *

✓ Тос, досым, осы қоста.
Басқа қоста босқа тоспа.

* * *

✓ Шынның шыны
Мылжыңдығы мұның міні.

* * *

Түймені түйнемейді
Инені түйнейді.
Инені түймелемейді
Түймені түймелейді.

* * *

✓ Күнәсін еш кешпес,
Бірақ бас кеспес
Көз теспес.

* * *

Қайта-қайта қайталаудан
Пайда қайда?
Қайта-қайта қайталаудан
Қайта пайда.

* * *

Түйеге көң теңде
Көнді тең теңде
Екі тең көң теңде.

* * *

Ұйқышыл кісіні ұйқы қысты,
Ұйқышыл кісінің ұйқысы
күшті.

* * *

Қім оқу — құралсыз
Тұрар құралсыз
Құмар құралсыз.

* * *

* * *

Өңеші кем емес,
Өңеші кең, өңеш.
Кеңесте өңеш кең.

Жанса, май шам жақшы.
Жақса, бар шам жақсы.

* * *

* * *

Сызық сызып қызық сызды
Қисық сызып бұзып сызды.

Айқайсыз қай той тарқар
Той тарқарда болар талай
айқай.

* * *

* * *

Жол жағалай бағаналар ағарар
Ағалар бағаналар жағалар.
Бағаналарға шамдар жағар.

Ел-жай қай жайда?
Кей жай ел-жайда
Енжар бей-жайда.

* * *

* * *

Далада ыңғи жыңғыл,
Ұңғыл-шұңғыл шұңқыр.

Дуал құлаған, тұрақ
қираған.
Қурай қуарған, құрақ
қураған.

* * *

* * *

Делдалдар бар.
Адал делдалдар бар,
Арам делдалдар бар.

Сапырылыстырылмады сорпа.
Сапырылыстырылмаса,
Сапырылыстырылсын онда.

* * *

* * *

Шапанды атаң —
Жаман қатаң атаң.

Жол жазба жазса,
Олжасша жазса.
Аз жазса,
Мәз жазса.
Асса жазса.

* * *

* * *

Тұмса тұса,
Тысқа тұса.
Тұсау тыста.
Қысқа тұса.
Тұсап ұста.

Арқар атар аңқау Арқарбай ма?
Арқарбайды арқар байқар.
Арқарды Арқарбай қалай байқар?

* * *

* * *

Жан жолдаспен
жанжалдаспа
Алжаспа, азба, аспа.

Еңкейіп, тоң, төңкердік.
Төңкерген тоңды атқа
өңгердік.

* * *

* * *

Құшақтасса,
Құшақ ашса,
Құшақ аш.
Құшақ ашпаса, қашса, қаш.

Күндіз құндыз аттық.
Дымсыз үнсіз қайттық.

* * *

* * *

Үстіміз шаң-шаң,
Бар маң аң-тан, лаң.

Нақаш ағасы — нағашысы.
Жақаш — Нақаш
нағашысының нағашысы

* * *

Мынау — аңқау даңғой.
Анау — дауқой даңғой.

* * *

Шөп баулауға жайлауға бардық,
Жайлауға аң аулауға бардық.

* * *

* * *

Күбі піссе,
Бізше піссе,
Қымыз ішсе,
Бізше ішсе.

Лаж аз
Қласс лас.
Рас, лас.

* * *

* * *

Ебелек шөмелеледік
Қөп ебелек шөмелеледік,

Құлпытасқа жазу жазар,
жасар
Қашаумен қашар,
Қашап жазар, жасар.

* * *

* * *

Сол жол ма, жол шол.
Жол шолса, жол сол.

Кеңсеге енсе —
Еңселі кеңсе.
Кең кеңсе.
Өң кең кеңсе.

* * *

Бөспе бос бөспесін
Бос бөсіп еспесін.

* * *

Қонақ сыйлап тік тұрдық,
Құлдық қылдық.
Құлдық ұрдық.

* * *

Кең жең жейде —
Ең жөн жейде.

* * *

— Ұшты, ұшты,
Ұшқын ұшты.
— Ұшты, ұшты,
Құс ұшты.
— Ұшты ұшты,
Құз ұшты.
— Ұшты, ұшты,
Қыш ұшты.

•

Ұшқыш ұшар,
Құс ұшар,
Құз ұшпас,
Қыш ұшпас.

* * *

Күбіні күпімен ора
Күпіні күбінің түбіне ора.

* * *

Үзілмес шылбыр-шынжыр шылбыр
Шынжыр шылбыр — шын шылбыр
Шын шылбыр — сым шынжыр.

* * *

Жоқ дау
Тау дәу.

* * *

Үміт ақтар ат —
Шабдар ат.
Шабдар ат — баптар ат.

* * *

Тақтай тап та
Сап шап.
Сап шап та
Балта сапта.

* * *

Не қылық — қулық қылып.
Бұл қылық — қулық қылық.

* * *

Баруды сирет.
Көлде үйрек сиреп,
Дүрмек сирек.

* * *

Шақпақ қантты
Шақпақпен шақ.
Шақтап шақ
Шақпақ қант қат.

* * *

Тоқпан жілік —
Тоқпақтай жілік
Тоқпақтап жатқан
Тоқпандай жігіт.

* * *

Қуат!
Науатты уат!
Уақ-уақ уақтап уат!

* * *

Жер қазсаң қайла сайла
Беліңе қайла байла
Жер қазғанға қайла айла.

* * *

Алда лайлау-лайлау сайлар бар, байқа,
Абайлай-абайлай лай сайлардан атта.

* * *

Әңгіменің оңы —
Соңы соны

МАЗМҰНЫ

Пан	5
Жазу мен жану	—
Шырша қаншада?	—
Кепкен құрт	6
Кетпеннің өкпесі	—
Нұрланның ойы	—
Кім бойшаң?	—
Намыс	7
Кім қашан ұйықтайды?	—
Алма мен нан	—
«Бағбан»	—
Ақ тілеу	8
Екі пікір	—
Алфавит бойынша	9
Заты мен аты	—
«Яғни» мен «Яки»	10
Айна	—
Не?	—
Қайтіп барады?	12
Қажетін қайдан алады?	—
Ең басты дәрігер	11
Нан жыры	—
Масқара	13
Сағат пен жүрек	—
Жалмауыз	—
Ұстаз бен шәкірт	—
Мүшкіл хәл (мысал)	14
Күндеу	—
Сақалдың бауырлары	—
Есеп	—
Тәуіп те, наркоман да	15
Қомағай бала ойы	16
Аяз бидің ізімен	—
Жағдаят	17
Мылжың (әзіл)	18
Не дұрыс, не бұрыс?	—
Кім мақұлық?	—
Ұйқыашар кофе	—
Бағаналар қайдан шығады?	19
Кім күшті?	—
Құлаққағыс	—

Ой	20
Не жүйрік?	—
Тағамдар	—
Ойын	21
Қадірсіз хайуан	—
Он сан	22
Төрт амал	23
Айтылуы ұқсас, мағынасы бөлек сөздер	—
Ұқсас сөздер ұйқасса	24
Санамақ — Жаңылтпаш	25
Саяжай	—
Қонаққа қайда барамыз?	26
Екі түлкі (мысал)	—
Арыз айтты кім неге?	27
Күдік	—
Құмшекер (мысал)	—
Ауыс дүние	28
Автобуста	—
«Артист»	29
Кімге жаңылыспау керек?	—
Бала мен ұстаз	—
Жұмбақтар	31
Жаңылтпаштар	37

55

